

## "Республикалық бюджет комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 қаңтардағы № 10 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 6 қарашадағы № 720 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Республикалық бюджет комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 қаңтардағы № 10 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджет комиссиясы туралы ережеде:

5-тармақта:

1) тармақшаның алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"объектілер бөлінісіндегі бюджеттік инвестицияларды, сондай-ақ жоспарлы кезеңге арналған облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бөлінісіндегі нысаналы даму трансферттерін және кредиттерді қоса алғанда, басым республикалық бюджеттік инвестициялардың тізбесін айқындайды;"

2) тармақшада:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуы;"

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне берілетін нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттердің көлемі;"

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджет комиссиясының құрамында:

мына:

"Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты экономикалық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы (келісім бойынша)".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК